

ҒТАМИ 06.61.53
ӘОК 314
JEL R10, R11

<https://doi.org/10.46914/1562-2959-2023-1-2-248-258>

Т.Т. ЖҰМАҒҰЛ,*¹

докторант.

*e-mail: torekhan07@gmail.com

ORCID ID: 0000-0002-2990-9221

Л.А. БИМЕНДИЕВА,¹

Ә.Ғ.К., доцент.

e-mail: leila.bimendieva@kaznu.kz

ORCID ID: 0000-0003-4965-5908

Н.Б. ШУРЕНОВ,¹

Ә.Ғ.М., аға оқытушы.

e-mail: nursultan.shurenov@kaznu.edu.kz

ORCID ID: 0000-0003-2453-080X

Н.А. ТОВМА,¹

Ә.Ғ.К., аға оқытушы.

e-mail: nataliya-tovma@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-9114-6923

¹әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

МОНОҚАЛАЛАРДАҒЫ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ТЕНДЕНЦИЯЛАРДЫ ТАЛДАУ МЕН МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫ

Андатпа

Мақалада моноқалалардың демографиялық тенденцияларына жалпылама талдау жасалды. Зерттеуде Қазақстан Республикасындағы моноқалалардың жіктелінуі, халық саны, халықтың жұмыспен қамтылуы, көші-қон үрдістері, қала құраушы кәсіпорынның даму келешегімен және шикізат ресурстарының таусылуы жағдайында елді мекеннің экономикасын әртараптандыруды мемлекеттік қолдау шаралары қарастырылды. Егер кейбір моноқалаларда халық санының өсімін көрсек, кейбір моноқалаларда халық санының азаюы байқалады. Сондықтан әртүрлі типтегі моноқалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуындағы қалыптасқан үрдістері талданды және олардың едәуір бөлігі демографиялық азаюмен және еңбекке қабілетті халықтың кетуімен сипатталды. Мақалада салыстырмалы талдау, аналитикалық талдау әдістері қолданылып шетелдік және отандық ғылыми әдебиеттерге шолу жүргізілді. Моноқалалар мәселесін шешудің негізгі жолдары, моноқалаларды дамытудың тәсілдері қарастырылды. Ғылыми жұмыста моноқалалардың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін, стратегиялық дамудың түрлі бағыттарын іске асыру мүмкіндіктерін, мәселелерді шешудегі халықаралық тәжірибе зерттелді әрі моноқалаларды мемлекеттік қолдаудың тиімділігі бағаланды. Тоғыз моноқалалар орналасқан жері бойынша облыс орталықтарымен тығыз экономикалық байланыста, сол арқылы олардың экономикалық дамуына оң әсерін беруде. Бұл қалалардағы халық саны жалпы тұрақты. Бала туылуы, өлім-жітім, көші-қон ұлғаюы, өмір сүру ұзақтығы секілді демографиялық көрсеткіштер арқылы моноқалалардың бәсекеге қабілеттілігін, жұмыс күшінің теңгерімділігін, халықтың өмір сапасын әрі еңбек ресурстары есебінен моноқалалардың экономикасын әртараптандыру байқалады. Аумақтың кеңдігі, елді мекен тығыздығының төмендігі, демографияның өсімі мен азаюы, табиғи ресурстардың шалғай орналасуы мен кен орындарын қарқынды игеруді ескере отырып, моноқалаларды дамыту және өмір сүру мәселесін жақсарту ел экономикасы үшін ең өзекті мәселелердің бірі болып қала береді. Моноқалалардағы халықтың азаюы Павлодар, Қостанай, Шығыс Қазақстан, Маңғыстау облыстарында байқалады және жалпылай алғанда соңғы бесжылдықта Қазақстандағы моноқалалардың халық санының азайғандығын көреміз.

Тірек сөздер: моноқала, демография, қала құраушы компания, әртараптандыру, экономика, мемлекеттік қолдау.

Кіріспе

Моноқалалардың тұрақты түрде даму мәселесі барлық деңгейдегі билік органдарының негізгі міндеттерінің бірі, сондай-ақ қазіргі таңда маңызды зерттеу объектісі ретінде өзекті бола түсуде. Шетелдік және отандық тәжірибе көрсеткендей, моноқалалардың пайда болуы мен дамуы тарихи түрде көліктік-логистикалық тораптардың, өнеркәсіптік нысандар мен кешендердің қалыптасуымен байланысты.

Моноқалалардың негізгі мәселесі, экономикадағы әртараптандыру деңгейінің төмендігі, халықтың жұмыспен қамтылуы қала құраушы кәсіпорынның даму келешегімен және шикізат ресурстарының таусылуымен байланысты.

Нақты деректерді талдауларға сүйенсек, демографиялық өсім динамикасы қала құраушы кәсіпорынның жағдайына байланысты болмауы да мүмкін. Біздің гипотезамыз бойынша моноқаладағы тұрақты әрі табысты компанияның қала халқының оң динамикасының кепілі емес. Қала тұрғындарының теріс болжамы қала құраушы кәсіпорынның тұрақты жұмысына байланысты болып келеді.

Қазақстандағы елді мекендердің көпшілігі дағдарыстың әсерінен қатты әлсіреген. Бүгінде бұл қалалардың өзіне тән әлеуметтік-экономикалық мәселелері бар, мысалға су, жылу, жарық және басқа да инфрақұрылымдарының барынша тозуы, қала экономикасының төмен деңгейде әртараптандыру, жұмыссыздық, халық санының азаюы және т.б. Осыдан шығатыны, моноқалалардың жаңғыртудағы мәселелері өзекті екенін әрі мемлекеттік қолдау қажеттілігін көрсетеді.

Материалдар мен әдістер

Мақаланы жазу барысында салыстырмалы талдау, аналитикалық талдау әдістері қолданылды және шетелдік әрі отандық ғылыми әдебиеттерге шолу жүргізілді. Моноқалалар мәселесін шешудің негізгі жолдары, моноқалаларды дамытудың тәсілдері қарастырылды.

Зерттеу барысында Қазақстанның моноқалалар бойынша мәліметтерді жинау және талдау үрдістерін қолдана отырып, авторлар сипаттау әдісін пайдаланды. Зерттеу тықырыбы бойынша ғылыми әдебиеттерді қарастыру кезінде салыстырмалы талдау және жинақтау әдісі, сондай-ақ сараптамалық-логикалық әдістер қолданылды. Ал зерттеу нәтижелерін қорытындылау үшін абстрактілі логикалық тәсіл қолданылды.

Негізгі ережелер

Моноқалалардың тұрақты дамуына қаланың барлық ішкі жүйелер кешенін, яғни әлеуметтік-экономикалық, экологиялық, институционалдық құрылымдарын реттеу арқылы қол жеткізуге болады. Тұрақты дамудың әлеуметтік-экономикалық факторы ең негізгі болып табылады, өйткені ол әлеуметтік және басқарушылық белсенділіктің өсуіне тікелей байланысты, сол арқылы моноқалалар мәселелерін шешуде өз үлесін қосатын және оның маңызыдылығын сезінетін халық арасынан белсенді топтар шығуына әкеледі.

Бүгінгі таңда моноқалалар мәселесін шешудің басты тәсілі, сол елді мекеннің экономикасын әртараптандыру, трансформациялау және қалалық ортаны жақсарту арқылы сақтап қалу. Моноқала жағдайының анықтаушы факторы қала құраушы кәсіпорынның жағдайы мен болашағы болып есептеледі.

Демографиялық тенденциялардың өзгеруі және ең алдымен халықтың моноқаладан тыс жерлерге көшуі қомақты инвестицияны қажет етеді. Демек, тұрғындардың қаладан кетуін тоқтату, оны дамытып, қаланың инфрақұрылымын заманауи деңгейге жеткізуге болады.

Әдебиетке шолу

Бүгінге дейін «моноқала» терминінің мазмұны туралы мәселе ғылыми ортада пікірталас тудыруда, бұл жеткіліксіз құқықтық реттеумен, әкімшілік-аумақтық құрылымдарды жіктеуде бірыңғай белгілерінің жоқтығымен және «толыққанды жаңа статистикалық ақпараттық базаның жоқтығымен байланысты [1].

Өнеркәсіп өндірісінің 20%-дан астамы және еңбекке жарамды халықтың бір немесе бірнеше қала құраушы кәсіпорындарда қызмет ететін орта немесе ірі қалалар – моноқалалар болып есептеледі.

Моноқала – еңбекке жарамды халықтың негізгі бөлігі бір салада немесе бір кәсіпорында еңбек ететін елді мекен. Моноқала – әлеуметтік-экономикалық дамуы кезінде дағдарыс жағдайы туындағанда, экономикасы біржақты дамуға бағытталғандықтан ең үлкен тәуекелге ұшырайтын елді мекен [2]. Бұл термин, пост кеңестік мемлекеттерде өзекті, өйткені кеңестік дәуірдегі экономикалық және әскери жоспарлау жүздеген моноқалаларды құруға себеп болған. Әдетте моноқалалар пайдалы қазбалар, көмір, су энергиясы сияқты табиғи ресурстарға жақын әрі соғыс жағдайында қорғауға жеңіл болуы үшін, мемлекеттік шекарадан алыс жоспарланған [3].

Ғылыми әдебиеттерде моноқалалардың мәселелері кеңінен қамтылғанына қарамастан, моноқалалардағы қалыптасқан демографиялық тенденциялар негізінен көп ескерілмейді. Мүмкін, зерттеушілердің көпшілігі қала құраушы кәсіпорынның тұрақты жұмысы мен халық саны арасындағы тікелей байланыс себебінен шығар. Қала құраушы кәсіпорынның тұрақты жұмысы тұрғындар санының өсуіне немесе сақталуына кепілдік береді.

Халықаралық деңгейде ұқсас салыстырмалар бар, мысалға индустрияландырудың алғашқы кезеңдерінде Ұлыбританияда, АҚШ-та, Германияда және Жапонияда ұқсас зауыт қалалары, фабрика қалалары немесе компания қалалары салынған. Батыс қоғамындағы ел әл-ауқатының жақсаруы және экономикадағы құрылымдық өзгерістер, компания қалашығының үлгісін бірте-бірте ескіртіп, ығыстырды. Қазіргі уақытта, Қазақстанда да экономикалық құрылымдық өзгерістер жүріп жатыр, сондықтан бұл моноқалаларды академиялық талдау үшін өзекті болып отыр.

Моноқалалардың негізгі белгілеріне қала құраушы кәсіпорынмен жүйелі түрдегі байланыс [4], қала құраушы кәсіпорынға тәуелділік [5], тұрақты халық саны жатады. А.Н. Маслова моноқала терминін, қала құраушы кәсіпорындар дамуда шешуші рөл атқаратын муниципалды құрылым ретінде көрсетеді [6].

Халықаралық тәжірибеде «моноқала» ұғымын анықтауға бірыңғай ғылыми көзқарас жоқ. Шетел әдебиетінде мұндай қалаларды білдіретін әртүрлі терминдерді қатар қолдануға болады. Мысалға, АҚШ пен Ұлыбританияның «Factory Town», «Mill Town», «Company Town» секілді ұғымдары біздің «моноқалаға» сәйкес термин ретінде ең кең тараған. Моноқала ұғымын айқындайтын шетелде қолданылатын терминдердің кейбір көрінісі 1-кестеде келтірілген.

Кесте 1 – Моноқала ұғымына ұқсас анықтамалар

Термин	Мемлекет	Анықтама	Мысал
Моноқала	Қазақстан, Ресей, Украина, Белоруссия	еңбекке жарамды халықтың көп бөлігі бір салада немесе бір кәсіпорында еңбек ететін елді мекен [7].	Набережные Челны (Ресей), Хромтау, Рудный (Қазақстан), Жодино (Белоруссия)
Factory town, Mill town	Ұлыбритания, АҚШ, Еуропа	Өндірістік кәсіпорын ішіндегі елді мекен, әдетте ауылдан үлкен, қаладан кішкентай болатын бір немесе бірнеше кәсіпорынға негізделген елді мекен [8].	Толлегно (Tollegno, Италия), Бриджпорт (Bridgeport, АҚШ)
Railway town	Ұлыбритания, АҚШ	темір жол айырығы маңында орналасқан елді мекен [9].	Креве (Crewe, Ұлыбритания), Атланта (АҚШ)
Resource town	Канада	Өндіруші кәсіпорынның маңында орналасқан елді мекен, алайда mining town, mill town, railway town анықтамаларын да қамтиды [10].	Квебек, Онтарио
Company town	АҚШ, Жапония, Үндістан, Еуропа	Әдетте компания меншігі болып табылатын елді мекен (инфрақұрылым, ғимараттар және т.б.) [11].	Лоуел (Lowell, АҚШ), Томакомаи (Tomakomai, Жапония), Нагда (Nagda, Үндістан), Грумант (Grumant, Норвегия)
Ескертпе: Авторлармен құрастырылған.			

Экономикаға елеулі әсер ететін маңызды әлеуметтік-демографиялық процесс ретінде халықтың көші-қоны мәселелері көптеген авторлардың еңбектерінде зерттелген [12, 13].

XX ғасырдың басынан бастап көші-қон үрдістерін зерттеу үшін математикалық модельдеу әдістері қолданыла бастады [14]. Көші-қон модельдерінің ішінде ең танымалы регрессиялық модельдер, кластерлік талдау [15], оңтайландыру модельдері [16].

Моноқалалар экономикасын әртараптандыру деңгейін арттыру халықты жұмыспен қамтамасыз етуде және жұмыссыздық деңгейін төмендетуде кепілдік бермейді. Құрылатын жұмыс орындарының едәуір бөлігі төмен біліктілікті талап етеді және еңбекке қабілетті халықтың қажеттіліктерін қанағаттандырмайды. Шағын және орта бизнес субъектілерінің көпшілігі шектеулі ішкі сұраныстың қажеттіліктерін қанағаттандыра отырып, тек сол елді мекеннің ішкі нарықтарында ғана жұмыс істейді [17].

Аумақтың кеңдігі, елді мекен тығыздығының төмендігі, демографияның өсімі мен азаюы, табиғи ресурстардың шалғай орналасуы мен кен орындарын қарқынды игеруді ескере отырып, моноқалаларды дамыту және өмір сүру мәселесін жақсарту ел экономикасы үшін ең өзекті мәселелердің бірі болып қала береді. Сондықтан мемлекет тарапынан қолдау шараларын жүзеге асыру қажет.

Нәтижелер мен талқылау

Капиталистік экономикада қала халқы компания есебінен қалыптасқан және олар сол игеріліп жатқан кен орындарының маңында пайда болған ауылдар мен қалалардың өмірін өз бетінше қамтамасыз ететін. Бұл қалалардағы өмір жеке компаниялардың мақсаттарына тәуелді әрі олар еңбек өнімділігін үнемі арттыруға ұмтылған, сол себепті елді мекендердің көлемін және олардың инфрақұрылымын кеңейтуді шектеген.

Кеңес үкіметінде моноқалалар мәжбүрлі жұмыс күші негізінде қалыптасқан, әсіресе соғысқа дейінгі жылдарда моноқалалар көп пайда болған. Олардың дамуы мемлекеттік жоспарлы экономика негізінде болды. Жұмыс күшінің арзандығына байланысты еңбек өнімділігі мәселесіне басымдылық берілмеді. Кейіннен тәуелсіздік жылдары металлургиялық және басқа да өнеркәсіптерді жекешелендіру еңбек өнімділігінің артуына әкелді, сәйкесінше моноқалалар тұрғындарының бір бөлігін қажетсіз етті. Сондықтан еңбек өнімділігіне басымдылық берумен байланысты моноқалалардан халықтың кетуі табиғи үрдіске айналуда.

Моноқалалар мәселесін сәл басқа қырынан да қарауға болады: егер табиғи факторлардың әсерінен және жалпы экономиканың тиімділігін арттырумен байланысты халықтың кетуі орын алса, онда бұл мәселенің шешімі бұл ағынды қолдау. Әңгіме моноқалаларды қолдауға бағытталған жеке және мемлекеттік инвестицияларды қолдану нүктесін өзгерту туралы болып отыр. Бұл халықтың кетуі есебінен де, сондай-ақ жоғары мультипликаторлы инвестиция есебінен елді мекеннің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Әлемдік тәжірибеде моноқалаларға қатысты екі қарама-қайшы тәсіл қолданылады:

1. Солтүстік Америкалық, бұл тәсілде әлеуметтік-экономикалық жағдайы нашар моноқалалардан халықтың көшуін қолдайды.

2. Еуропалық, бұл тәсілде өндірістік кәсіпорындарға көмек береді, осылайша компаниялар мен жоғары оқу орындарының бөлімшелерін ашады. Еуропаның жағдайында бұл қалалар бір-біріне жақын орналасқан, сондықтан географиялық жағдай моноқалаларды қайта жаңғыртуға мүмкіндік береді.

Қазақстанның жағдайында еуропалық тәсілдегідей барлығы оңай емес, біздің жағдайда моноқалалардың географиялық орналасуы облыс орталықтарынан алыс.

Экономикалық дағдарыс басталғанда бір-екі қала құраушы кәсіпорны бар елді мекендерде жұмыссыздық деңгейі артатынын айта кеткен жөн. Жұмыссыз қалған тұрғындар басқа елді мекендерден жұмыс іздеуге мәжбүр болады. Сонымен қатар, аумақ тұрғындарының тұрғылықты жерін өзгертуі жағымсыз әсер қалдырады, өйткені бұл аумақтың бос қалу қаупі туады. Демек, экономикалық дағдарыс жағдайында айналмалы көші-қон тиімді болып табылады, өйткені экономикалық жағдай тұрақтанғаннан кейін жұмысшыларды олардың тұратын жеріне қайта жұмысқа орналастыруға болады. Сондықтан, айналмалы көші-қон – еңбек мигранттары арқылы бай аймақтардан кедей аймақтарға түсетін табысты қайта бөлудің тәсілі.

Демек, ішкі көші-қонды оңтайландыру тетіктерін қалыптастыру моноқалалардың мәселелерін шешуге және азаматтардың еңбекке басымдық беру құқығын жүзеге асыруға ықпал етеді. Мұндай тетіктердің әдістемелік негізі ретінде муниципалдық деңгейдегі аумақтар арасындағы еңбек мигранттарының ағынын оңтайландыру мәселесі ұсынылады.

Моноқалаларды дамытудағы халықаралық тәжірибе, моноқаланың ерекшеліктерін ескеріп, стратегиялық тәсілдерді инвестициялық климатты жақсарту арқылы әртараптандыруды ынталандыруды, шағын және орта бизнесті дамытуды, адами капиталды қалыптастыруды (жоғары сапалы білім беру, медициналық қызмет және басқа да негізгі қызметтерді көрсету), моноқалаларға жеткілікті өкілеттіктер мен ресурстар беруді, көлік инфрақұрылымын кеңейтуді пайдалана отырып қолдану қажет.

Қазіргі қалалық агломерациялардың басқа да маңызды артықшылықтарының бірі еңбек қатынастары, яғни бір қалада орналасқан компанияның жұмысшылары екінші қалада өмір сүру, сол арқылы көші-қонның қосымша ағындарын қалыптастырады. Моноқалалардың еңбек нарығы тұтастығын тұрғын үй нарығын дамытумен нығайтуға болады, яғни білікті кадрлар, жаңа жобалар мен технологиялардан тұратын адами капитал.

Сонымен, моноқалалар мәселелерін шешуде қалалық агломерацияларды қалыптастыру мен дамыту тиімді басқару шешімдерін қажет ететін күрделі, көп қырлы үрдіс.

Қала құрушы кәсіпорынның өніміне сұраныс төмендегенде немесе банкротқа ұшырағанда, моноқалалардың халқы сыртқы тәуекелдерді өз ресурстарын пайдаланып жеңе алмайды. Экономикалық тоқырау кезеңдерінде моноқалалардың халқы басқаларға қарағанда көбірек зардап шегеді.

Моноқалалар өнеркәсіп өнімінің 40%-ға жуығын өндіреді. Мұнда мұнай-газ, металлургия, химия, энергетика өнеркәсібінің ірі кәсіпорындары шоғырланған, ол туралы Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев моноқалаларды дамыту жөніндегі кеңесте де маңыздылығын айтып өткен. Дегенмен, бұл қалаларда шешілмеген көптеген әлеуметтік-экономикалық және экологиялық мәселелер де бар. Моноқалалардың экономикасын әртараптандыру ерекше маңызға ие. Басқа салаларды дамытып, жаңа жұмыс орындарын ашу – өте өзекті мәселе. Сондықтан өңірлік саясат міндеттерінің бірі – моноқалаларды дамыту [18].

Кесте 2 – Қазақстандағы моноқалалардың басым салалары бойынша жіктелінуі

Сала	Моноқала
Көмір кендерін өндіру	Абай, Саран, Шахтинск, Екібастұз
Мұнай және газ кендерін өндіру	Ақсай, Құлсары, Жаңаөзен
Металл кендерін өндіру	Арқалық, Балқаш, Алтай (Зыряновск), Қаражал, Кентау, Лисаковск, Риддер, Рудный, Текелі, Хромтау
Металлургия және машина жасау өнеркәсібі (алтын, уран)	Степногор, Ақсу
Химия өнеркәсібі	Серебрянск
Басқа да шикізат түрлерін өндіру	Жаңатас, Қаратау, Жетіқара
Ескертпе: Авторлармен құрастырылған.	

Моноқалалар орналасқан жері бойынша облыс орталықтарымен тығыз экономикалық байланыста болса, оның экономикалық дамуына оң әсерін береді, мысалға Шахтинск, Абай, Ақсу, Хромтау, Кентау, Текелі, Рудный, Саран, Теміртау қалалары облыс орталықтарына жақын орналасқан әрі сәйкесінше бұл елді мекендерде халық саны жалпылай тұрақты. Сондай-ақ жалғыз ғылыми-өнеркәсіптік қала Курчатов болып табылады.

2016 жылдан 2022 жылға дейін бұл моноқалаларды өнеркәсіп өндірісінің көлемі 6,3-тен 11,2 трлн теңгеге дейін өскен, бұл ел бойынша жалпы көрсеткіштің 29%-ы. 2016 жылдан бастап моноқалалардағы халық саны 1,5%-ға немесе 22 561 адамға (2022 ж. – 1 425 158 мың адамға, 2016 ж. – 1 447 719 мың адамға) азайған, ол 3-кестеде көрсетілген.

Моноқалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуына қарай үш деңгейге бөлуге болады:

- ♦ әлеуметтік-экономикалық жағдайы өте қиын, мысалға, қала құраушы кәсіпорын өндірістік қызметін тоқтатқан немесе қала құраушы кәсіпорын қызметкерлерінің 10%-дан астамын қысқарту жоспарлануда;

- ♦ әлеуметтік-экономикалық жағдайының нашарлау қаупі бар, мысалға, қала құраушы кәсіпорын қызметкерлерінің 3% жұмыстан қысқарту жоспарланса;

- ♦ тұрақты әлеуметтік-экономикалық жағдай, бұл деңгейде қала құраушы кәсіпорынның қызметі тұрақты.

Бүгінде Қазақстанда 1,4 миллионнан астам адам тұратын 27 елді мекен моноқала статусына ие және бұл қалаларда 32 қала құраушы кәсіпорындар жұмыс істейді [19].

Кесте 3 – Қазақстан Республикасы моноқалаларының 2016–2022 жж. халық саны

Облыс	Моноқала	2016 ж. халық саны	2022 ж. халық саны	Экономикалық әлеуеті
Ақмола облысы	Степногор	47 591	44 747	орта
Ақтөбе облысы	Хромтау	25 467	27 439	жоғары
Жетісу облысы	Текелі	31 339	32 099	орта
Атырау облысы	Құлсары	57 395	63 071	орта
Батыс Қазақстан облысы	Ақсай	33 629	35 137	орта
Жамбыл облысы	Қаратау	28 804	30 632	орта
Жаңатас		21 859	23 440	төмен
Қарағанды облысы	Балқаш	71 864	78 642	орта
	Теміртау	178 351	177 316	жоғары
	Шахтинск	38 676	36 674	орта
	Саран	43 921	42 557	орта
	Абай	28 494	28 425	орта
Ұлытау облысы	Сәтбаев	61 559	64 160	орта
	Жезқазған	86 440	86 906	орта
	Қаражал	9 237	7 761	орта
Қостанай облысы	Арқалық	29 662	25 630	төмен
	Жітіқара	35 050	33 762	орта
	Лисаковск	36 807	34 968	орта
	Рудный	115 980	113 153	жоғары
Маңғыстау облысы	Жаңаөзен	113 377	81 947	орта
Павлодар облысы	Ақсу	43 190	42 987	жоғары
	Екібастұз	134 091	131 864	жоғары
Шығыс Қазақстан облысы	Алтай	37 052	34 604	орта
	Риддер	49 695	55 112	жоғары
	Серебрянск	8 796	7 999	орта
Абай облысы	Курчатов	12 277	12 315	орта
Түркістан облысы	Кентау	67 116	71 811	орта
Барлығы		1 447 719	1 425 158	

Ескерте: [20] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған.

Халықтың жалпы санының динамикасынан басқа, демографиялық жағдайды талдау үшін әртүрлі жас топтарындағы, атап айтқанда еңбекке қабілетті және еңбекке жарамсыз жастағы халық санының арақатынасының маңызы зор. 3-кестедегі деректерге сүйенсек кейбір моноқалаларда халық санының өсімін көрсек, кейбір моноқалаларда халық санының азаюы байқалады. Жалпылай алғанда моноқалалардағы халықтың азаюы Павлодар, Қостанай, Шығыс Қазақстан, Маңғыстау облыстарында байқалады. Жалпы есеппен соңғы бесжылдықта Қазақстандағы моноқалалардың халық санының азайған теріс динамикасы байқалады. Жалпы

жоғарыда айтылғандай мұндай моноқалалардан халықтың кетуі табиғи жағдай, ол Кеңес үкіметі кезінде болған төмен еңбек өнімділігімен байланысты.

Қоғамның жоғары дамуы және ақпаратпен қамтылуы үшін жаңа ақпараттарды және ғылыми технологияларды енгізу қажет. Ол үшін мемлекет ғылым мен инновациялық технологиялар өндірісін қаржыландыруы керек, ал зерттеулер жүргізуде жоғары оқу орындарының әлеуеті бар. Алайда, елде кадрлардың азаюы мен мамандардың кетуі байқалады. Моноқалалардың көбінде жоғарғы оқу орындары жоқ (4-кесте). Сондықтан, моноқалалардағы ғылыми мамандардың даярлануы аса оң дәрежеде емес.

Кесте 4 – Моноқалалардағы жоғары оқу орындары

Моноқала	Жоғары оқу орны
Жезқазған	Ө.А. Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті
Арқалық	Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты
Рудный	Рудный индустриялық институты
Текелі	Орталық Азия университеті
Теміртау	Қарағанды индустриялық университеті
Екібастұз	Академик Қ. Сәтбаев атындағы Екібастұз инженерлік-техникалық институты
Ескертпе: Авторлармен құрастырылған.	

Моноқалалардағы маңызды мәселелердің бірі су, жылу, электр секілді инфрақұрылымдардың тозуы. Мемлекеттік есептерге сәйкес кәріз желілері инфрақұрылымының тозуы – 66,1%, жылу желілері – 54,5%, сумен жабдықтау желілері – 56,2%, электр желілері – 55,3% (2021 жылға) құрайды. 11 моноқалада жолдардың 50 пайыздан астамы нашар жағдайда.

Кесте 5 – Қазақстан моноқалаларындағы негізгі әлеуметтік көрсеткіштер

Моноқала	18-60 жас аралығындағы халық саны	Жұмыссыздар саны	Мүгедектер саны	Жұмысбастылар саны
Хромтау	14 705	1 283	2128	17 433
Жаңаөзен	44 859	3 914	6491	53167
Екібастұз	73 668	6429	10662	87330
Арқалық	15 537	1356	2249	18418
Ескертпе: Авторлармен құрастырылған.				

Пайдалы қазбалар игеріліп біткен кезде қалада тіршілік ақырын тоқтай бастайды. Мысалға, 2021 ж. Арқалық қаласындағы Торғай боксит кен басқармасының пайдалы қазбаның бітуіне байланысты жұмысын тоқтатуы. Егер моноқала ірі экономикалық орталықтардан алыс орналасса оны қалпына келтіру қиынға соғады, өйткені ол экономикалық тұрғыдан ақталмайды. Осылайша моноқалада әлеуметтік мәселелер пайда болады. Нәтижесінде жұмыссыздық пайда болады, халықтың тұрмыс-тіршілігі төмендейді, халықтың көші-қонына әкеледі, бұл өз кезегінде мемлекеттік қолдау шараларын қажет етеді.

Қорытынды

Моноқалалардан халықтың кетуімен байланысты көші-қон үрдістері ел аумағындағы демографиялық өзгерістерінің біріне айналуда. Сондықтан бұл қалаларды дамытуда халықтың азаюына жол бермес үшін өмір сүру сапасына, қауіпсіздікке, сапалы білім мен денсаулық сақтау саласына, қала ішінде және қалалар арасындағы дамыған көлік байланысына, тиімді қала құрылысына және жоғары экологиялық стандарттарын сақтауға баса назар аударылуы тиіс, бұл әрине мемлекеттік қолдау шаралары негізінде жүзеге асырылуы тиіс.

Мемлекеттік қолдау моноқалалардағы экономиканы және өндірістік қызметті, нарық құрылымы мен кіріс көздерін әртараптандыру мәселесін шешу үшін қажет. Алайда, ол тек қаржыландырумен ғана шектелмейді, бұл мәселеге заңнамалық тұрғыдан кешенді түрде мән беру керек.

Моноқалалар мәселесін шешудің негізгі мақсаты – орта мерзімді және ұзақ мерзімді болашақта қаланың тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуы. Оған, тұрақты жұмыс істейтін кәсіпорындардың өнеркәсіп өніміне тәуелді моноқалалар экономикасын жақсарту. Демек, экономиканы әртараптандыру, оның ішінде шағын және орта бизнесті дамыту. Моноқала тұрғындарын жұмыспен қамтудың және тиімді құрылымды әзірлеу. Экономикалық өсімге бағытталған еңбек ресурстарын арттыру және сол арқылы жұмыс күшін басқару қажет. Халық санын ескере отырып, моноқалалардың әлеуметтік-технологиялық инфрақұрылымдарын жақсарту, білікті мамандар тартуда жағдайлар жасау қажет.

Егер моноқаланы құрайтын кәсіпорында төмен өнімділік, негізгі қорлардың айтарлықтай тозуы, өндірістің төмен бәсекеге қабілеттілігі болса, өндіріс күшін жаңғыртуға бағытталған мемлекеттік шараларды қолға алу қажет.

Егер кәсіпорынның өнімді сатуда уақытша қиыншылықтарға тап болса немесе жеткізушілер алдындағы міндеттемелер көлемінің өсуіне байланысты болса, оған қысқа мерзімді несиелік қаржыландыру немесе моноқалалар тұрғындарын жұмыспен қамтуды қолдауға бағытталған шараларды жүзеге асыру қажет.

Моноқалаларды мемлекеттік қолдау құралдары тікелей әрбір моноқаланың жағдайына байланысты. Егер қала құраушы кәсіпорынның жұмысы тұрақты болса, келешекте келеңсіз жағдайларды болдырмас үшін алдын-ала тексерістер жасау қажет.

Егер технологияның толықтай ескіруі мен негізгі өнімді өткізу нарықтарының алыс болуына байланысты кәсіпорынның одан әрі жұмыс істеуі экономикалық тұрғыдан негізсіз болатын болса, мемлекеттік қолдаудың негізгі құралы кадрларды қайта даярлау арқылы өндірісті әртараптандыруға жәрдемдесу болу керек.

Әртараптандыру жоспарын әзірлеуде, моноқалаларды дамытуды стратегиялық жоспарлауға ерекше мән беру қажет, мысалға ауыл шаруашылығы, тамақ өнеркәсібі секілді басқа да салаларды дамытуға бағытталған шаралар.

Жұмыспен қамту мен халықтың көші-қонын қолдау бағдарламалары шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдаумен байланысты ерекше назар аударатын мәселелер болып табылады.

Алғыс. Мақала BR18574200 «Аумақтық маркетинг негізінде Жаңа Қазақстанды құру жағдайында моноқалаларды жаңғырту» тақырыбындағы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетінің бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберіндегі бағдарлама бойынша орындалды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Тургель И.Д. Новые критерии выделения моногородов: проблемы применения // Экономика и политика. – 2015. – № 3(6). – С. 99–103.

2 Гарнов А.П., Одегов Ю.Г. Эффективность мер государственного регулирования занятости населения в моногородах // Научные исследования и разработки. Экономика фирмы. – 2018. – Т. 7. – № 4. – С. 31–39.

3 Kryukova E.M., Vetrova E.A., Maloletko A.N., Kaurova O.V., Dusenko S.V. Social-Economic problems of Russian mono-towns // Asian Social Science. 2015, no. 11, p. 258.

4 Антонова И.С. Динамический подход к оценке процесса диверсификации экономики моногорода // Национальные интересы: приоритеты и безопасность. – 2017. – Т. 13. – Вып. 3. – С. 431–441.

5 Дулесов А.Н., Бехтерев Д.В. Классификация моногородов по их жизненному циклу // Фундаментальные исследования. – 2015. – № 10. – С. 161–165.

6 Маслова А.Н. Современные границы социальной ответственности градообразующих предприятий // Провинция: экономика, туризм, гостеприимство, экология, архитектура, культура: сборник статей II Всероссийской научно-практической конференции. – Пенза: РИО ПГСХА, 2008, С. 91–94.

7 Cerrone D., López Baeza J., Lehtovuori P., Quercia D., Schifanella R., Aiello L. Implementing Gehl's Theory to Study Urban Space. The Case of Monotowns // Sustainability. 2021, no. 13, p. 5105. URL: <https://doi.org/10.3390/su13095105>

8 Sidorenko M., Ponomareva Zh. Factory towns of the Urals. The uniqueness of the planning structures of these towns. 2020. IOP Conf. Ser.: Mater. Sci. Eng. 962 032036. DOI 10.1088/1757-899X/962/3/032036

9 Domingo C. Railway Towns: a Long-term Global Perspective // HoST – Journal of History of Science and Technology. 2018, no. 12(1), pp. 132–154. DOI:10.2478/host-2018-0006

10 Hayter R. Single Industry Resource Towns // A Companion to Economic Geography. 2008, pp. 290–307. DOI:10.1002/9780470693445.ch18

11 Green H. Company Towns in the United States // Oxford Research Encyclopedia of American History. 2018. URL: <https://oxfordre.com/americanhistorical/view/10.1093/acrefore/9780199329175.001.0001/acrefore-9780199329175-e-569>.

12 Шабашев В.А., Шорохов С.И., Верховина М.Ф., Челомбитко А.Н. Экономические, социальные и демографические факторы миграционной привлекательности российских регионов // Региональная экономика: теория и практика. – 2017. – № 2(437).

13 Chernova E., Meshechkin V., Glinchikov K. Migration Outflow in Monotowns of Kemerovo Region Studied by Methods of Mathematical Modelling: Integrated Approach // IOP Conference Series: Earth and Environmental Science. 2019. doi:10.1088/1755-1315/272/3/032154

14 Корепина Т.А. Сравнительный анализ подходов к моделированию миграции // Вопросы территориального развития. – 2017. – № 1(36).

15 Шаститко А.Е., Фатихова А.Ф. Моногорода: опыт количественного анализа // Балтийский регион. – 2016. – № 2. DOI: 10.5922/2074-9848-2016-2-1

16 Некрасова Е.В. Оптимизация внутренней миграции как механизм решения проблем моногородов Свердловской области // Экономика региона. – 2012. – № 2. URL: <https://www.economyofregion.com/archive/2012/40/1759/>

17 Ivanova M. Demographic contraction as an indicator of the problems of single-industry municipalities // Population and Economics. 2021. No. 5(2). P. 76–91. DOI 10.3897/popcon.5.e65661

18 Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. – 4 қараша 2021. URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-monokalalardy-damytu-zhoninde-respublikalyk-kenesotkizdi-4104231> (Өтініш берілген күні 01.02.2023)

19 Қазақстан Республикасы Премьер Министрінің ресми ақпараттық ресурсы – 22 желтоқсан 2022. URL: <https://primeminister.kz/ru/news/novye-podhody-po-resheniyu-problem-monogorodov-utverdiliv-pravitelstve-rk-2211464> (Өтініш берілген күн: 04.02.2023)

20 Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы сайты. URL: <https://www.stat.gov.kz/official/industry/61/statistic/6> (Өтініш берілген күн: 25.01.2023)

REFERENCES

1 Turgel' I.D. (2015) Novye kriterii vydelenija monogorodov: problemy primeneniya // Jekonomika i politika. № 3(6). P. 99–103. (In Russian).

2 Garnov A.P., Odegov Ju.G. (2018) Jefferktivnost' mer gosudarstvennogo regulirovaniya zanjatosti naselenija v monogorodah // Nauchnye issledovanija i razrabotki. Jekonomika firmy. V. 7. No. 4. P. 31–39. (In Russian).

3 Kryukova E.M., Vetrova E.A., Maloletko A.N., Kaurova O.V., Dusenko S.V. (2015) Social-Economic problems of Russian mono-towns // Asian Social Science, no. 11, p. 258. (In English).

4 Antonova I.S. (2017) Dinamicheskij podhod k ocenke processa diversifikacii jekonomiki monogoroda // Nacional'nye interesy: priority i bezopasnost'. V. 13. Vyp. 3. P. 431–441. (In Russian).

5 Dulesov A.N., Behterev D.V. (2015) Klassifikacija monogorodov po ih zhiznennomu ciklu // Fundamental'nye issledovanija. No. 10. P. 161–165. (In Russian).

6 Maslova A.N. (2008) Sovremennye granicy social'noj otvetstvennosti gradoobrazujushhih predpriyatij // Provincija: jekonomika, turizm, gostepriimstvo, jekologija, arhitektura, kul'tura: sbornik statej II Vserossijskoj nauchno-prakticheskoj konferencii. Penza: RIO PGSHA. P. 91–94. (In Russian).

7 Cerrone D., López Baeza J., Lehtovuori P., Quercia D., Schifanella R., Aiello L. (2021) Implementing Gehl's Theory to Study Urban Space. The Case of Monotowns // Sustainability, no. 13, p. 5105. URL: <https://doi.org/10.3390/su13095105>. (In English).

8 Sidorenko M., Ponomareva Zh. (2020) Factory towns of the Urals. The uniqueness of the planning structures of these towns. . IOP Conf. Ser.: Mater. Sci. Eng. 962 032036. DOI 10.1088/1757-899X/962/3/032036. (In English).

9 Domingo C. (2018) Railway Towns: a Long-term Global Perspective // HoST – Journal of History of Science and Technology, no. 12(1), pp. 132–154. DOI:10.2478/host-2018-0006. (In English).

10 Hayter R. (2008) Single Industry Resource Towns // A Companion to Economic Geography, pp. 290–307. DOI:10.1002/9780470693445.ch18. (In English).

- 11 Green H. (2018) *Company Towns in the United States* // Oxford Research Encyclopedia of American History. URL: <https://oxfordre.com/americanhistory/view/10.1093/acrefore/9780199329175.001.0001/acrefore-9780199329175-e-569>. (In English).
- 12 Shabashev V.A., Shorohov S.I., Verhozina M.F., Chelombitko A.N. (2017) *Jekonomicheskie, social'nye i demograficheskie faktory migracionnoj privlekatel'nosti rossijskih regionov* // *Regional'naja jekonomika: teorija i praktika*. No. 2(437). (In Russian).
- 13 Chernova E., Meshechkin V., Glinchikov K. (2019) *Migration Outflow in Monotowns of Kemerovo Region Studied by Methods of Mathematical Modelling: Integrated Approach* // *IOP Conference Series: Earth and Environmental Science*. . doi:10.1088/1755-1315/272/3/032154. (In English).
- 14 Korepina T.A. (2017) *Sravnitel'nyj analiz podhodov k modelirovaniju migracii* // *Voprosy territorial'nogo razvitija*. No. 1(36). (In Russian).
- 15 Shastitko A.E., Fatihova A.F. (2016) *Monogoroda: opyt kolichestvennogo analiza* // *Baltijskij region*. No. 2. DOI: 10.5922/2074-9848-2016-2-1. (In Russian).
- 16 Nekrasova E.V. (2012) *Optimizacija vnutrennej migracii kak mehanizm reshenija problem monogorodov Sverdlovskoj oblasti* // *Jekonomika regiona*. No. 2. URL: <https://www.economyofregion.com/archive/2012/40/1759/>. (In Russian).
- 17 Ivanova M. (2021) *Demographic contraction as an indicator of the problems of single-industry municipalities* // *Population and Economics*. No. 5(2). P. 76–91. DOI 10.3897/popecon.5.e65661. (In English).
- 18 *Qazaqstan Respublikasy Prezidentiniñ resmi saity*. – 4 qaraşa 2021. URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-monokalalardy-damytu-zhoninde-respublikalyk-kenesotkizdi-4104231> (Ötiniş berilgen küni 01.02.2023). (In Kazakh).
- 19 *Qazaqstan Respublikasy Premer Ministriniñ resmi aqparattyq resursy* – 22 jeltoqsan 2022. URL: <https://primeminister.kz/ru/news/novye-podhody-po-resheniyu-problem-monogorodov-utverdili-v-pravitelstverk-2211464> (Ötiniş berilgen kün: 04.02.2023). (In Kazakh).
- 20 *Qazaqstan Respublikasy Strategialyq josparlau jäne reformalar agenttigi Ülttyq statistika bürosy saity*. URL: <https://www.stat.gov.kz/official/industry/61/statistic/6> (Ötiniş berilgen kün: 25.01.2023). (In Kazakh).

Т.Т. ЖҰМАҒҰЛ,*¹

докторант.

e-mail: torekhan07@gmail.com

ORCID ID: 0000-0002-2990-9221

Л.А. БИМЕНДИЕВА,¹

к.э.н., доцент.

e-mail: leila.bimendieva@kaznu.kz

ORCID ID: 0000-0003-4965-5908

Н.Б. ШУРЕНОВ,¹

м.э.н., ст. преподаватель.

e-mail: nursultan.shurenov@kaznu.edu.kz

ORCID ID: 0000-0003-2453-080X

Н.А. ТОВМА,¹

к.э.н., ст. преподаватель.

e-mail: nataliya-tovma@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-9114-692

¹Казахский национальный университет им. аль-Фараби,
г. Алматы, Казахстан

АНАЛИЗ ДЕМОГРАФИЧЕСКИХ ТЕНДЕНЦИЙ В МОНОГОРОДАХ И МЕРЫ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ПОДДЕРЖКИ

Аннотация

В статье проведен общий анализ демографических тенденций моногородов. Рассмотрены классификация, численность населения, занятость населения, миграционные тенденции и меры государственной поддержки по диверсификации экономики моногородов в Республике Казахстан с перспективами развития градостроительного предприятия в случае истощения сырьевых ресурсов. Если в одних моногородах мы видим прирост населения, то в некоторых моногородах наблюдается отток населения. Поэтому проанализированы существующие тенденции социально-экономического развития моногородов, и значительная часть из них

характеризуется демографическим спадом и оттоком трудоспособного населения. В статье проведен сравнительный анализ с использованием методов аналитического анализа и обзора зарубежной и отечественной научной литературы. Рассмотрены основные пути решения проблемы и методы развития моногородов. В научной работе изучен уровень социально-экономического развития, международный опыт по решению проблем, дана оценка эффективности государственной поддержки моногородов. Девять моногородов благодаря своему расположению имеют тесные экономические связи с областными центрами, что положительно сказывается на их экономическом развитии. Население в этих городах в целом стабильное. Наблюдается диверсификация экономики за счет конкурентоспособности моногородов, баланса рабочей силы, качества жизни населения и трудовых ресурсов через демографические показатели, такие как рождаемость, смертность, миграционный прирост, продолжительность жизни. Учитывая обширность территории, низкую плотность населения, рост и спад демографии, удаленность от природных богатств и интенсивную разработку месторождений, развитие моногородов и улучшение условий жизни населения остаются одной из наиболее актуальных задач. Уменьшение населения в моногородах наблюдается в Павлодарской, Костанайской, Восточно-Казахстанской, Мангистауской областях, и в целом видим, что население моногородов в Казахстане за последние пять лет уменьшилось.

Ключевые слова: моногород, демография, градостроительная компания, диверсификация, экономика, государственная поддержка.

T.T. ZHUMAGUL,*¹

PhD student.

e-mail: torekhan07@gmail.com

ORCID ID: 0000-0002-2990-9221

L.A. BIMENDIYEVA,¹

c.e.s., associate professor.

e-mail: leila.bimendieva@kaznu.kz

ORCID ID: 0000-0003-4965-5908

N.B. SHURENOV,¹

master, senior lecturer.

e-mail: nursultan.shurenov@kaznu.edu.kz

ORCID ID: 0000-0003-2453-080X

N.A.TOVMA,¹

c.e.s., senior lecturer.

e-mail: nataliya-tovma@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-9114-692

¹Al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, Kazakhstan

ANALYSIS OF DEMOGRAPHIC TRENDS IN ONOTOWNS AND STATE SUPPORT MEASURES

Abstract

The article provides a general analysis of the demographic trends of monotowns. Classification, population, employment, migration trends and state support measures for economic diversification of monotowns in Kazakhstan with prospects for the development of town forming enterprise in case of depletion of raw materials. If in some monotowns we see growth of population then others demonstrate the population outflow, therefore we analyzed existing trends in socio-economic development of monotowns, but significant part of them shows demographic decline and outflow of skilled labor force. We provided a comparative analysis, methods of analytical analysis and a review of foreign and domestic scientific literature. We consider the ways of solving problems and development methods of monotowns. We studied socio-economic development level, international experience in solving problems and evaluated the effectiveness of state aid for monotowns. Nine monotowns due to their location have close economic ties with regional centers, which has a positive effect on their economic development. Population in these cities is generally stable. Economy diversification due to competitiveness of monotowns, balance of labor force, labor resources through demographic indicators such as mortality, migration growth, life expectancy. Vast territory, low population density, demographic growth and decline, remoteness from natural resources and intensive development of deposits, development of monotowns remain one of the most main tasks. The population decline in monotowns is observed in Pavlodar, Kostanay, East Kazakhstan, Mangystau regions, and the population of monotowns in Kazakhstan has decreased over the past five years.

Key words: monotown, demography, town forming enterprise, diversification, economy, state support.